



# Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№32  
(20706)



27 ақпан, сейсенбі 2024 жыл

e-mail: syrboi@yandex.kz

www.syrboi.kz



www.facebook.com/syrboi.kz/



www.instagram.com/syrboi\_kz



https://twitter.com/syrboi



t.me/syrboi\_kz

## ПРЕЗИДЕНТ



## ШЫҒЫСҚА САПАР ШЫРАЙЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Шығыс Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында Өскемен қаласындағы көпбейінді Онкология және хирургия орталығының базасында ашылған Сәулелік терапия және диагностика орталығына барды.

Президентке жоғары дәлдікпен диагностика жасауға және онкологиялық ауруларды емдеуге мүмкіндік беретін соңғы буындағы магнитті-резонансты томография (МРТ), Elekta Versa HD желілік үдеткіші, Discovery RT компьютерлік томография сияқты заманауи медициналық құрылғылардың жұмысы таныстырылды. Сондай-ақ Орталық радиологиялық суреттерді сақтауға және оларды тез тауып, нақты уақыт режимінде зерттеуге арналған PACS архивтеу жүйесімен жабдықталған. Көпбейінді онкология және хирургия орталығының директоры Гүлмира Сағидуллинаның айтуынша, жыл сайын мұнда 3 мыңнан астам хирургиялық операция жасалады, оның 60 пайызында аз инвазивті емдеу тәсілдері қолданылады. Орталықта медицина мамандарының шетелдерде біліктілігін арттыру және қайта даярлау ісіне айрықша мән беріледі. Отандық және шетелдік мамандар шақырылып, тұрақты түрде шеберлік сағаттары ұйымдастырылып тұрады. Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаевқа Шығыс Қазақстан облысындағы онкологиялық қызметтің қазіргі жай-күйі жөнінде баяндалды. Өңірде қатерлі ісіктерді ерте анықтау көрсеткіштері айтарлықтай артып, ауру деңгейі үшінші, төртінші сатыға дейін асқынып кеткен сырқаттардың саны қысқарған. Сәйкесінше, онкологиялық аурудан қайтыс болатын

азаматтардың саны азайып келе жатқаны байқалды. Мемлекет басшысы орталық дәрігерлерімен әңгімелесіп, медициналық ұйымның жұмысына табыс тіледі. Сондай-ақ елімізде осындай заманауи медициналық орталықтар ашу маңызды екенін атап өтті. – Өте жақсы медициналық мекеме екен. Заманауи әрі сапалы құралдармен жабдықталған. Науқастарды емдеу керек. Қазір мұндай ауруханалар жалпыұлттық маңызға ие болды. Өкінішке қарай, онкология дерті жүрек-қан тамырлары ауруларынан кейін екінші орында тұр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы «Өскемен титан-магний комбинаты» акционерлік қоғамындағы өндіріс жұмыстарының жай-күйімен және кәсіпорынның даму перспективасымен танысты. Комбинат шикізат өндіруден бастап одан дайын өнім алуға дейінгі өндірістің бүкіл циклын қамтитын кеуекті титан, титан құймалары мен қорытпаларын шығаратын әлемдегі біртұтас кәсіпорындардың бірі саналады. Өндіріс құрылымы 5 негізгі және 6 қосалқы цехтан, сондай-ақ еншілес әрі бірлескен кәсіпорындардан тұрады. Әлемдегі титан нарығының 11 пайызы Қазақстанға тиесілі, ал аэроғарыш саласындағы титанның 20 пайыздан астамын біздің ел қамтамасыз етеді.

2-бет



## ТҮРКИЯ ПРЕЗИДЕНТІН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Президентімен телефон арқылы сөйлесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Режеп Тайип Ердоғанды 70 жасқа толған мерейтойымен құттықтап, ізгі тілегін жеткізді. Сонымен қатар Түркия Президентінің көрсен саясаты мен қажырлы еңбегінің арқасында бауырлас елдің одан әрі қарқынды дамып, халықаралық

қоғамдастықтағы беделі арта түсетініне сенім білдірді. Өңірменесу барысында екі ел басшылары сауда-экономика және инвестиция салаларындағы серіктестікті кеңейтуге баса мән бере отырып, Қазақстан мен Түркия арасындағы жан-жақты стратегиялық ынтымақтастықты өркендету мәселесі жөнінде пікір алмасты. Сонымен қатар тараптар Қазақстанның Түркия мемлекеттері ұйымына төрағалығы кезіндегі күн тәртібінің жүзеге асырылуы барысын талқылады.

## КӨШПЕЛІ ОТЫРЫС

## ӨЗЕН ӨЗЕГІНДЕГІ ӨМІР

ҚЫЗЫЛОРДАДА СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Кеше Қызылордада «Су ресурстары: сумен тұрақты қамтамасыз етудің проблемалары мен перспективалары» тақырыбында көшпелі отырыс өтті. Оған ҚР Парламенті Сенатының депутаттары, Су ресурстары және ирригация бірінші вице-министрі Болат Бекнияз, Ауыл шаруашылығы вице-министрі Бағлан Бекбауов, мәслихат депутаттары, ғылыми-зерттеу институттарының өкілдері, сала ардагерлері, су шаруашылығы ұйымдары мен ауыл шаруашылығы құрылымдарының басшылары қатысты. Орталық атқарушы органдардың өкілдері мен барлық аудан әкімдіктерінің жауапты қызметкерлері, шаруашылық ұйымдары бейнебайланыс арқылы қосылды.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев іс-шараға қатысушыларды мол тәжірибелерін ортаға салып, бөлісуге шақырды. – Су шаруашылығы саласындағы негізгі мәселелердің шешілуі үшін осындай жиындардың маңызы өте зор деп ойлаймын. Өңірдің басты су артериясы – Сырдария трансшекаралық өзені облыстың барлық

аумағынан ағып өтеді. Оның бойында елді мекендердің 85%-ы орналасқан және облыс халқының 93%-дан астамы өзен маңында тұрады. Облысымыздың табиғи ерекшелігіне, ауа райы мен топырақ құрамына бейімделген Сыр күрші аймақтың негізгі дақыл болып жылдар бойы қалыптасқан. Сыр өңірінің экономикалық және экологиялық жағдайы,

халықтың тыныс-тіршілігі Сырдария өзенінің деңгейіне және Арал теңізіне тікелей байланысты, – деді аймақ басшысы. Нұрлыбек Машбекұлы Сырдария суының 90 пайыздан астамы республикадан тыс жерлерден келетінін, «Арал-Сырдария» бассейнінде ауыр ахуал қалыптасқанын атап өтті. Біріншіден, Қызылорда облысы Сырдария өзенінің ең төменгі ағысында орналасқандықтан, жоғары ағыстағы мемлекеттер мен өңірлердің ұстанымына тәуелді. Екіншіден, өңірде табиғи өсірілім егістік жерлер жок. Сондықтан көп қаржы жұмсалатын, инженерлік жүйеге келтірілген мелиоративтік жүйелер мен құрылыстарды ұстап тұруға мәжбүр.

2-бет

## ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### ГЕННАДИЙ ГОЛОВКИН – КОМИТЕТ ПРЕЗИДЕНТІ

Кәсіпқой боксшы Геннадий Головкин кеше Ұлттық Олимпиада комитетінің президенті болып сайланды.

Астанада Қазақстан Ұлттық Олимпиадалық комитеті Бас Ассамблеясының кезектен тыс отырысы өтті. ҚР ҰОК жоғары басқарушылық органдарының отырысына олимпиадалық спорт түрлері бойынша ұлттық спорттық федерациялардың 35 өкілі мен ҚР ҰОК Спортшылар комиссиясының өкілдері қатысты.

### АРНАЙЫ БАП ЕНГІЗІЛЕДІ

Елімізде балалар мен әйелдердің құқығын қорғауға бағытталған заң жобасында ұрып-соғу әрекеті үшін жеке бап көзделеді.

Ішкі істер министрінің ресми өкілі Шыңғыс Алексеевтің айтуынша, адамды ұрып-соққаны үшін кінәліге 80 АЕК көлемінде айыппұл салынады. Сондай-ақ 80 сағатқа дейін қоғамдық жұмысқа тартылады немесе 25 күнге дейін қамауға алынады. Егер 2 немесе одан да көп адамды ұрып-соқса, дәрменсіз күйдегі адамды, материалдық және өзге де тәуелді болса немесе балаларды ұрып-соққан жағдайда айыптың 30-дан 50 тәулікке дейін қамауға алудың ең жоғары санкциясы көзделеді.

### АСФАЛЬТБЕТОН ЗАУЫТТАРЫН ТЕКСЕРУГЕ КІРІСТІ

Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институтының мамандары елдегі асфальтбетон зауыттарын тексеруге кірісті.

ҚР Көлік министрлігі баспасөз қызметінің хабарлауынша, зауыттардың жана құрылыс маусымына және асфальтбетон қоспаларын сапалы өндіруге дайындығы тексеріледі. Сондай-ақ жол-құрылыс материалдарын сынайтын зертханаларға бақылау жүргізіледі.

Қазақстанда жалпы 300-ден астам асфальтбетон зауыты жұмыс істеп тұр. Олардың сапа стандарттары мен нормативтерге сәйкестігін тексеру мақсатында әрбір зауытқа тексеру жүргізу жоспарланған.

### ҚАЗАҚСТАН ТАУАРЛАРЫНЫҢ ЭКСПОРТЫ ТӨМЕНДЕДІ

«QazTrade» сауда саясатын дамыту орталығы АҚ өткен жылы Қазақстанның кейбір тауарлары экспортының төмендеу себепін атады.

Орталық мәліметінше, былтыр қаржылай мәнде тазартылмаған май экспорты кеміді. Негізгі себебі – экспорттық бағаның төмендеуі. Сонымен қатар үн экспортының түсетін қаражаттың төмендеуіне де экспорттық бағаның арзандауы басты себеп болып отыр. Мұнан бөлек, күкірт экспорты 13 пайызға артқанымен ақшалай мәнде экспорттық түсім кеміді. Өткен жылы күкірттің

орташа бағасы 2022 жылмен салыстырғанда 3 есеге құлдырады. Еліміздің ішкі нарығында сұйылтылған газ тапшылығы байқалады. Дәл осы жайт «көгілдір отын» экспортының қысқаруына түрткі болды.

Дерек көздерінен дайындаған **Биболат СӨТЖАН,** «Сыр бойы»

## САРАП

## ОБЫРДАН ОҢАЛУ МҮМКІН БЕ?

Жыл сайын өлемде қатерлі ісіктен 9 млн адам көз жұмады. Онкологиялық науқас саны бойынша Қазақстан алғашқы 50 елдің қатарында. Елімізде қатерлі ісікті ерте анықтау мақсатында скринингтің 3 түрі, яғни, жатыр мойны обыры, сүт безі обыры және тоқшық обыры бойынша жүргізіледі. Алайда жыл сайын 2,5 млн-нан астам қазақстандық қана скринингтік зерттеуден өтеді. Соның ішінде жатыр мойны қатерлі ісігін қайтыс болатын әйелдердің саны артуына байланысты биыл 9 жастағы оқушы қыз балалардан бастап әйел адамдарға да обыр түріне қарсы екпе салынбақ. Ата-аналар екпенің ем боларына сенсе ме? Нәтижесінде жатыр мойны обырының науқастарының саны артауда? Қатерлі ісіктен емделу мен алдын алудың жолдары бар ма? Осы сұрақтарға жауап іздеп көрейік.

Sp Дина БӨКЕБАЙ, «Сыр бойы»




3-бет





АЛТЫН ТҰҒЫР

АУЫЛ МҰҒАЛІМІНІҢ АСУЫ



Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Алтын тұғыр» республикалық олимпиадасында облыс намысын қорғаған №111 қазақ орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Шұғыла Шайманалиева олимпиада жүлдегері атанды...

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»

Олимпиада тапсырмалары бастауыш сынып бағдарламаларын негізге ала отырып құрастырылған авторлық басым бөлігі логикалық есептерден тұрды...

Айта кету керек, Астана қаласындағы жарыс «Дарын» РҒПО мен «Зерделі» ақыл-ой дамыту орталығының ұйымдастыруымен өтті...

ЕҢБЕК АДАМЫ



ЖАРЫҚ ЖЕТКІЗГЕН ЖӘНІБЕК

Электр желілері үзіліп немесе өзге ақау шыққанда Ж.Маханбетов ауылының тұрғындарына көмекке келетін Жәнібек Бұлдановтың есімі сол елді мекен тұрғындарына таныс...

Айсауле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Ақпанның боранды, желді күндері ауылда жарық жиі сөнді. Сондай кезде тұрғындарға көмектесіп, көптің алғысын аркалап жүр...

Диспетчерлік бөлімге ауысқанға дейін 7 жыл бойы авариялық бригадаларда құрамда жұмыс істедім. Әсіресе жел мен жаңбырлы күндері уақытпен санаспадық...

Жақсылық жасауға ұмтылып тұратын Жәнібектің ісі көпке үлгі стертпейді. Жарығы сөнген үйдің шамын жағуға асығатын шебер маман бұл ісін парызым деп біледі.

«ҚОҢЫР ӨҢІМГЕ» ҚОСЫМША



Тәңірі тілеуін берген

«Алтын домбыра» сыйлығының үш мәрте иегері Мұқтар Ниязов бастаған Сыр бойының жаңалықтары жастары халқымыздың дана дәстүрі мен көшпеліңн қырат жолын жаңғыртатын «Қоңыр өңіме» деген бағдарламаны іске асырып келе жатыр...

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ, «Сыр бойы»

«Қоңыр өңімінін» алғашқы қонағы болып белгілі жазушы-этнограф, мәдениеттанушы, ақын Уларбек Нұрғалымұлының келгені көпшілік есінде.

Мұнан соң жұртшылық қара сөздің қаймағын қалқыған шешен, дарабоз жырау Алмас Алматовтың әңгімелерінен сусындады.

Олай емес екен, қазақы қоңыр өңімеге сусан қалған қауымның аз емесін көрдік.

Менің айтатын дегенім, кәзір екі адам бас қосса өзі түсінбейтін саясатты соғалды, баяғы ақсақалдардың әңгімесі қалды ғой деген ойдың жансақ екендігі.

Жақында бір үлкен кісімен жолықтық. Алдымен таныстық, білістік, әрине, ру сұрастық. Ол кісі Қожа болып шықты.

Журналшы екенсің, өңіме айтатын, керек болады, – деді көкем. – Қазіргілер дұғаның құдіреті барынан хабарсыз.

Ерте заманда тақуа бір жігіт өмір сүріпті. Ержетіп, енді үйлену керектігі туралы айтыла бастапты.

Жігіт бел қуатының жоқтығын білетін, сондықтан ол әке сөзінен қашақтай бермеді. Әкесі былай тұрсын, жегелері де алдынан шықса, «қашан үйленесің» деп қалғып өтеді.

Бұл жағдайдан хабарсыз әкесі күндердің күнінде баласын бір қызбен некелестірді. Той өтіп, екі жас жеке қалғанда жігіт қалыңдығына:

Мені кешір. Сені бақытты етердей менде қуат жоқ, – деп ағынан жарылады. – Қаласаң ертең-ақ кетуіңе рұқсат беремін де, себебін өзің айтып түсіндіремін, – дейді. Сонда жас келін:

Ортамызда неке оқылды. Шарият бойынша мен сіздің әйеліңізбін. Ендігі жерде арамызда бір-бірімізден жасырын сыр болмауы тиіс.

Бұл гыбатты әңгімеден біз гыбат-дұға етуші адам жарды көріп отырмыз. Қазіргі келіндердің қызметін істеп жүре береміз. Арда жеті жыл өтеді, келіншек «бедеу» деген жаман атқа ие болса

«Әр істің қайыры бар» деген. Алланың құдіретімен әйелдің дұғасы қабыл болып, жігіттің ішкен уы өзіне шина болып қалды.

Мына жазмышты қарашы, кейінгі келген жас келін төркінен бара жатқан жолында төтеннен дүние салады. Арала уақыт өткенде шал баласын қайта үйлендірмекші болады.

Сонда баласы ұзақ жыл құпия етердей менде қуат жоқ, – деп ағынан жарылады. – Қаласаң ертең-ақ кетуіңе рұқсат беремін де, себебін өзің айтып түсіндіремін, – дейді. Сонда жас келін:

Ортамызда неке оқылды. Шарият бойынша мен сіздің әйеліңізбін. Ендігі жерде арамызда бір-бірімізден жасырын сыр болмауы тиіс.

Бұл гыбатты әңгімеден біз гыбат-дұға етуші адам жарды көріп отырмыз. Қазіргі келіндердің қызметін істеп жүре береміз. Арда жеті жыл өтеді, келіншек «бедеу» деген жаман атқа ие болса

ҰЛТТЫҚ КИІМ ТРЕНДКЕ АЙНАЛСА...



Ұлттық киімді тек Наурыз мерекесі қарсаңында киетініміз жасырын емес. Біздің ұғымымызда ұлттық киім тек мерекелік іс-шаралардың, ұлттық мерекенің, сахнада артистердің киімі деген түсінік қалыптасқан.

Жақында Мәжіліс депутаты Дәулет Мұқаев Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенованың атына сауал жолдап, ұлттық киімдерді тек Наурыз мерекесінде киімі, оны трендке айналдыру жакеттігін айтты.

Сонымен қатар ол республикалық деңгейде «Ұлттық киім» күнін бекіту туралы бастама көтерген, бірқатар іс-шараны қолға алуды ұсынды.

Біріншіден, ұлттық киімдерімізді ұлықтау мақсатында республикалық деңгейде «Ұлттық киім» күнін бекіту. Бұл күн мәдени құндылықтарымызды кеңінен насихаттап, өскелең ұрпақты отаншылдық тәрбиелеудің негізі болар еді.

А.САҒАТБЕКҚЫЗЫ

деуге бағытталған гранттар беру, халық арасында ұлттық киімді қолжетімді етуге ықпал етіп, сұранысты арттыру. Төртіншіден, мектеп оқушылары киетін ұлттық киімдер стандартын әзірлеу енгізу әрі халықаралық түрлі жарыстарға баратын азаматтардың формаларына міндетті түрде ұлттық нақышты бейнелеу, – деді депутат.

Наурыз айы жақындағандықтан ба, базар мен дүкендерден ұлттық киімдер көбірек орын алыпты. Бағасы қолжетімді. Қырғыз елінен келген киімдер 2500 теңгеден басталып 5000 теңге аралығын құрайды.

Тігінші Гүлмира Сариева бүгінгі мектептердің тапсырыстарын тігуде. Бағасы жұмысына қарай қойылады. Матасы, оюына қарай 3500 теңгеден жоғары.

Расында ұлттық киім ұлықтауды қажет етеді. Байқасаңыз кейінгі уақытта еліміздің барлық мектеп оқушылары әдемі оюы бар жилет пен камзол кие бастады.

А.САҒАТБЕКҚЫЗЫ

«Сыр бойын» ақпараттық агентігінен де (сайттан) оқыңыз



ЖАРНАМА БӨЛІМІ 70-00-52

E-mail: smjarnama@mail.ru

Сейсмикалық оқу-жаттығу сәтті өтті

Жыл басында Алматыда болған жер сілкінісі ел есінен ұмытыла қойған жоқ. Ондағы тұрғындардың көбі үрейленіп қалғаны жасырын емес. Көп ұзамай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жауаптыларға сейсмикалық қауіпсіздікті мықтап қолға алуды тапсырған болатын.

Мадияр ТӨЛЕУ, «Сыр бойы»

Әзірліктің қандай деңгейде екенін облыстық төтенше жағдайлар департаментіне қарасты азаматтық қорғаныс басқармасы басышының міндетін атқарушы Ғафур Ақырбаев өңірлік коммуникациялар қызметінде баяндады.

Жалпы осы тектес дайындық жұмыстары республика көлемінде іске асуда. Мамандар барлық қауіпсіздік жү-

оқушылары да әзірліктен өтті. Ең басты мақсат – халықтың негізсіз дүрбелен тулдыруына жол бермей, қауіпсіздік ережелерін толық түсіндіру.

Тұрғындарды ақпараттандыру мақсатында әлеуметтік желілерде 26 хабарлама таратылып, құтқару ісінің мамандары телеарналарға 2 рет сұхбат берді.

Оқу-жаттығу кезінде 43 қуаттандыру жүйесі мен 79 дабыл құрылымы іске қосылды, 13 арнаулы техника мен 59 жеке құрам қатысты.

Мамандық айтуына, негізі Қызылорда облысы сейсмикалық жағынан қауіпті аймаққа толық еніп тұрған жоқ. Алайда Сейсмология институты елдің оңтүстігіне жақын орналасқан Шиели мен Жаңақорған аудандарын жер сілкінісі сезілуі мүмкін қауіпті аймаққа жатқызған.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.